

"Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 1367 қаулысы

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына, "Күқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ұлгілік ережеге сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды атқарсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А.Сәттібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Әйтебеков

Шымкент қаласы әкімдігінің

2022 жылғы " " шілдедегі

№ қаулысына қосымша

"Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) қала бюджетінің атқарылуын үйімдастыру және қаланың коммуналдық мүлкін басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзіне қатысты жоғары тұрған орталық мемлекеттік орган қабыладайтын өзге де нормативтік күқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма үйімдық-күқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан жасайды.
6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.
7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратай ауданы, "Nursultan Nazarbaev" даңғылы № 10, индексі 160023.
10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілермен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тaraу. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:
 - қала бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру және жасау;
 - қаланың коммуналдық мүлкін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.
14. Өкілеттіктері:
 - 1) құқықтары:
 - заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардан қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өз функцияларын орындау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратады және алады, сондай-ақ ақпаратты басқа мемлекеттік органдарға ұсынады;
 - өзіне жүктелген міндеттер мен функциялар шегінде шешімдер қабылдайды;
 - 2) міндеттері:
 - қала бюджетінің атқарылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

- бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бюджеттік есептілікті, қала бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау;
- қаланың жергілікті атқарушы органның борышын өтеу және қызмет көрсету;
- қаланың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастыру, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;
- коммуналдық мүлікті коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту туралы шешім қабылдау;
- "Шымкент қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қабылдаған міндеттемелері бойынша бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;
- қала тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін, сондай-ақ мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылышын қаржыландыру үшін қала әкімдігінің бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

- 1) қала бюджетінің атқарылуын бюджеттік есепке алуды жүргізу;
- 2) бюджеттік мониторинг жүргізу;
- 3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептерін жасау;
- 4) бюджеттік мониторинг нәтижелері туралы есептер жасау;
- 5) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиясына бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну;
- 6) қала бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті әкімдікке, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсыну;
- 7) тиісті қаржы кезеңіне арналған бюджет түсімдерінде көзделген салықтық түсімдер, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, трансфертердің түсімдері бойынша бюджет кірістерінің атқарылуына талдау жүргізу;
- 8) бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуына талдау жүргізу;
- 9) республикалық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне бөлінген нысаналы трансфертердің және кредиттердің орындалуына талдау жүргізу;
- 10) жеке қаржыландыру жоспарларын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын және түсімдер жоспарларын жасау және бекіту;
- 11) түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау және бекіту;

12) қаржыландырудың жеке жоспарларына, түсімдердің жиынтық жоспарына және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу;

13) бюджеттік кредиттерді тіркеуді, есепке алууды және мониторингілеуді жүзеге асыру;

14) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді тіркеу және мониторингілеу;

15) респубикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдың ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздарды шығару;

16) бюджеттік даму бағдарламаларын орындау тиімділігі бөлігінде жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау есептілігін қалыптастыру.

17) мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру және қабылдау;

18) коммуналдық мұлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру және қабылдау;

19) өз құзыреті шегінде қаланың коммуналдық мұлкін басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

20) аудандық коммуналдық мұлікті басқару саласында өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;

21) қаланың коммуналдық мұлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

22) қаланың коммуналдық мұлкін пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

23) коммуналдық мұлікті коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту туралы шешім қабылдау;

24) коммуналдық мұлікті, сондай-ақ мұліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды жүзеге асыру және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылау;

25) коммуналдық мұлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мұліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

26) сенімгерлікпен басқарушының коммуналдық мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

27) мемлекеттік - жекешелік әріптестік шарттары негізінде құрылған объектілерді қаланың коммуналдық меншігіне қабылдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

28) өз құзыretі шегінде заңды және жеке тұлғалардан келіп түсетін мәселелерді қарайды;

29) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Шымкент қаласының коммуналдық меншігіне айналдырылған (тұсken) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

30) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің даму жоспарларының орындалуын талдау.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы әкімдігінің 13.12.2024 № 6642 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тaraу. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды Басқарма басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шымкент қаласының әкімінің өкімімен қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

18. Басқарманың басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыretі шегінде бүйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының орындалуына дербес жауапты болады.

11) Басқама басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басқарма басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі

21. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарма мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік қалалық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.